

06.08.2019 жылғы БР – тір.№БР-04-578

«BankRBK» АҚ
Директорлар кеңесімен
Бекітілді
«02» тамыз 2019 жылғы
Хаттама

Күшіне енген күн
«02» тамыз 2019 жылғы.

«BankRBK» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережелері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «BankRBK» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Инсайдерлік ақпаратты пайдалануға банкті бақылауды қамтамасыз ету және Инсайдерлердің Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына және ІНҚ-ға сәйкес әзірленді.
2. Осы Ережелердің міндеті Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен шарттарын белгілеу, Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеуді ішкі бақылау және Инсайдерлердің осындай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмау, Банк инсайдерлерінің тізімін жүргізу және өзекті жағдайда ұстау, соның ішінде Инсайдерлерді тізімнен алып тастау, Банк Инсайдерлері үшін белгіленген шектеулерді анықтау, сондай-ақ Банктің Инсайдерлік ақпаратын жария еткені үшін жауапкершілікті белгілеу болып табылады.
3. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына және ІНҚ-ға, сондай-ақ Банк шығарған бағалы қағаздардың қор биржасында саудаланатын бағалы қағаздар тізіміне енгізілуіне және болуына байланысты Банкке қолданылатын талаптарға сәйкес реттеледі.
4. Осы Ережеде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және банк практикасында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:
 - 1) **Банк** – «BankRBK» АҚ;
 - 2) **ІНҚ** - Банктің ішкі нормативтік құжаты;
 - 3) **Қаржылық есептілік депозитарийі (бұдан әрі – ҚЕД)**–ұйымдар жыл сайын өткізетін жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, сондай-ақ пайдаланушылар үшін қолжетімді акционерлік қоғамдардың корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты қамтитын электрондық деректер базасы;
 - 4) **Банктің Инсайдері** – Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлға;
 - 5) **Банктің Инсайдерлік ақпараты** – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы, оның ішінде Банк шығарған мәмілелер, олармен жасалған мәмілелер туралы, сондай-ақ банктің өзі, ол жүзеге асыратын қызметі туралы, коммерциялық құпия болып табылатын шынайы ақпарат, сондай-ақ ашылуы Бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және Банктің қызметіне әсер етуі мүмкін үшінші тұлғаларға белгісіз өзге де ақпарат;

- 6) **Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау** – қаржы нарығы субъектілерінің бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының, оның ішінде шетел валюталары мен туынды қаржы құралдарының бағаларын (бағамдарын) белгілеуге және (немесе) қолдауға, ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде белгіленгеннен жоғары немесе төмен, бағалы қағазбен немесе өзге де қаржы құралымен сауда-саттық көрінісін жасауға, Инсайдерлік ақпаратты пайдалана отырып мәміле жасауға бағытталған іс-әрекеттері;
 - 7) **Сауда-саттықты ұйымдастырушы(лар)** – биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының қор биржасы (-лары) және баға белгілеу ұйымы (-дары);
 - 8) **ПЖБ**– Банктің персоналдармен жұмыс жөніндегі бөлімшесі;
 - 9) **КБҚ**- комплаенс-бақылау қызметі;
 - 10) **ПЖБ Джо** – персоналмен жұмыс жөніндегі бөлімшелерді дамыту және оқыту бөлімшесі;
 - 11) **Банктің Инсайдерлері тізімі** –тоқсан сайынғы негізде Банктің КБҚ жүзеге асыратын Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалардың тізімі;
 - 12) **Электронды жүйе** –Банк қызметкерлерін осы Ережелердің талаптарымен таныстыру, қызметкерлерге Инсайдер мәртебесін беру және оқыту туралы хабар беру үшін Банк пайдаланатын ақпараттық жүйе;
 - 13) **Уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган;
 - 14) **Қаржы биржасы (KASE)**– Сауда-саттықты осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей өткізу жолымен сауда-саттықты ұйымдастыру және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;
5. Осы Ережелерде пайдаланылатын өзге де терминдер мен ұғымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында және өзге де ІНҚ-да бекітілген мағынада пайдаланылады.

2-тарау. Банктің Инсайдерлік ақпаратының тізбесі

6. Банктің Инсайдерлік ақпаратына:
 - 1) Жалпы қол жетімді болып табылатын ақпаратты қоспағанда, Банктің және оның қызметінің жоспарлары;
 - 2) Банктің бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен жасалынатын мәмілелер;
 - 3) Заңнама және Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес қызметтік, банктік және коммерциялық құпия болып табылатын құжаттар;
 - 4) Қор биржасының және КЕД интернет-ресурсында жарияланғанға дейін осы Ереженің 4-қосымшасында санамаланған, оның бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын банк қызметіндегі өзгерістер туралы құжаттар жатады.
7. Банктің Инсайдерлік ақпаратына жатпайды:
 - 1) Инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) Банктің бағалы қағаздарымен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды дайындау мақсатында жүргізілген Банктің бағалы қағаздарының (туынды қаржы құралының) құнына, Банктің мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдарды және бағалауды қоса алғанда, жалпы қол жетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;
 - 2) Бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
 - 3) Дереккөзі белгісіз, адамдардың кең шеңберінің арасында таратылатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Банктің ағымдағы немесе жоспарланып отырған қызметіне қатысты болжамдар.

3-тарау. Банк Инсайдерлеріне қойылатын талаптар

§ 1. Банктің Инсайдерлерін анықтау

8. Келесі тұлғалар Банк Инсайдерлері болып танылады:

- 1) Банк пен қызметкер арасында жасалған еңбек шартының қолданылу мерзімі ішінде Банктің барлық қызметкерлері;
- 2) Банктің дауыс беретін акцияларының 10 (он) немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иеленуіне, пайдалануына және (немесе) билік етуіне байланысты Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар жеке және заңды тұлғалар;
- 3) Банктің қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсететін басқа да тұлғалар, оның талаптарында Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген;
- 4) тізіміне Банк шығарған (ұсынған) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;
- 5) сауда жүйесінде Банктің және өзге де қаржы институттарының бағалы қағаздарымен мәмілелер жасалатын қор биржасының директорлар кеңесінің және қор биржасының листинг комиссиясының мүшелері;
- 6) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері, оларға берілген функциялар мен өкілеттіктерге байланысты Банктің Инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар мемлекеттік қызметкерлер;
- 7) осы тармақтың 2)-4) тармақшаларында көрсетілген, оларға берілген өкілеттігіне байланысты Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге ие Банктер мен ұйымдар мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіби ұйымдар;
- 8) осы тармақтың 2)-4) және 7) тармақшаларында көрсетілген, өзінің қызмет жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Банктің Инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар ұйымдардың қызметкерлері;
- 9) осы тармақтың 1)-8) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан ақпарат алған тұлғалар.

§ 2. Банк Инсайдерлерінің тізімі

9. Банктің Инсайдерлік ақпаратына және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздарға (туынды қаржы құралдарына) иелік ету мен пайдалануға бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Банкте Банк Инсайдерлерінің тізімі өзекті жағдайда жүргізіледі және сақталады.

10. Банк Инсайдерлерінің тізімін ҚБҚ электронды форматта жүргізеді және есепті кезеңнен кейінгі айдың 01-ндегі жағдай бойынша тоқсан сайынғы негізде оның ішінде:

- 1) Ережелердің 8 – тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды ескере отырып – кадр іс қағаздарын жүргізуді регламенттейтін ІНҚ-ға сәйкес Банк пен қызметкер арасында жасалған еңбек шарттарын тоқтату және қызметкерлерді қабылдауды есепке алу жүргізілетін, ҚБҚ сұрау салуы бойынша ПЖК ұсынатын, алдыңғы тоқсандағы мәліметтер негізінде;
 - 2) Ережелердің 8-тармағының 2), 4) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды ескере отырып – инсайдерлер деп танылатын тұлғалармен шарттар/келісімдер жасасуға бастамашылық жасайтын бөлімше басшыларынан алынған деректер негізінде;
 - 3) Ереженің 8-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды ескере отырып-банкпен тиісті шарттар жасасқан ұйымдардан алынған ақпарат негізінде;
 - 4) 9 - тармақта көрсетілген тұлғаларды ескере отырып-Ережелердің 8-тармағының 1-8-тармақшасында аталған тұлғалардан ақпарат алған жағдайда;
 - 5) Банк Инсайдерлері тізімінен шығарылған тұлғаларды есепке ала отырып өзектіленеді.
11. ПЖБ ДжО жауапты қызметкері жаға қызметкер жұмысқа қабылданған күні электрондық жүйе арқылы оған Ережелерге 1-қосымша нысаны бойынша Инсайдерлер тізіміне енгізілгені туралы хабарлама жібереді.
12. Банк қызметкерлері оларды Инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарламаны алған кезде хабарлама мәтінімен, оқыту материалдарымен және Ереженің талаптарымен танысуды жүзеге асырады.

13. Ереженің 11, 12-тармақтарында көзделген іс-шараларды өткізу нәтижелері бойынша
14. ПЖБ КБҚ-ға осындай танысудан өткен Банк қызметкерлерінің тізбесін ұсынады. Егер Банк қызметкері оны Инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарламамен танысудан жалтарған жағдайда, КБҚ Банктің құрылымдық бөлімшесінің тікелей басшысын хабардар ету бойынша іс-шараларды жүзеге асырады және Банк қызметкерінің Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізбеуі бойынша шаралар қабылдауға бастамашылық жасайды.
15. Сондай-ақ ПЖБ электрондық жүйе арқылы қызметкерлерді Инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалану бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ережелердің талаптары туралы хабардар етуді жүзеге асырады.
16. Ережелердің 8-тармағының 2) -4) тармақшасында көрсетілген тұлғалар туралы мәліметтері бар Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары оларды Банктің Инсайдерлер тізіміне енгізу негізі туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде олар туралы ақпаратты КБҚ-ға ұсынады.
17. Ережелердің 15-тармағында көзделген тәртіппен құрылымдық бөлімшеден хабарлама алғаннан кейін КБҚ 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай тұлғаларға осы Ережелердің 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану және иелік ету бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ережелердің талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы Банк Инсайдерлер тізіміне енгізілгені туралы жазбаша хабарлама жібереді. Сондай-ақ, Банктің Инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарламада Ереженің 8-тармағының 2) -4) тармақшаларында санамаланған тұлғалар өзінің қызмет жағдайына және еңбек міндеттеріне байланысты Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын өз қызметкерлерінің тізбесін Банкке 3-қосымша нысаны бойынша Инсайдерлер тізіміне енгізу туралы хабарлама жіберілетін Банктің хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде ұсынуға міндетті екендігі көрсетіледі. Хабарлама банкке белгілі мекенжай бойынша (тапсырыс хатпен) не Банк инсайдерлерінің тізіміне енгізілген тұлғаға электрондық пошта арқылы жіберіледі.
18. Орындауға байланысты үшінші тұлғалар Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізе алатын азаматтық-құқықтық шарттар жасалған жағдайда, шартта осы Ережелердің талаптарын сақтау туралы үшінші тұлғалардың міндеттемелері (яғни құпиялылық талаптары) көзделуі тиіс.
19. Банк қызметкерлеріне оларды Банк Инсайдерлері тізімінен шығару туралы хабарлама оған Банк қызметкерінің соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей Ережелерге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша еңбек шарты тоқтатылған кезде электрондық пошта арқылы ПЖБ жібереді. Оларды Инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама Банк Ережелердің 8-тармағының 2-4) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға осы шарттарды/келісімдерді жасасудың бастамашысы болған Банктің құрылымдық бөлімшелерінен осы тұлғалармен шарттық өзара қарым-қатынасты тоқтату туралы ақпаратты алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде КБҚ жіберіледі. Ережелердің 8-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға Инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама жіберілмейді.
20. Банк Инсайдерлерінің тізімі Уәкілетті органға оның талап етуі бойынша талапта көрсетілген мерзімде, Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалар туралы ақпаратты, оның ішінде мына ақпараттарды көрсете отырып ұсынады:
 - 1) жеке тұлғаның тегі, аты (бар болса - әкесінің аты), туған күні;
 - 2) заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуін (қайта тіркелуін) растайтын құжаттың деректемелері;
 - 3) Инсайдерлер тізіміне енгізу негізі;
 - 4) Инсайдерлер тізімінен шығару күні.

§ 3. Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу және пайдалану ережесі

21. Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу шектелген және Банктің Инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын сақтау туралы ережелерді көздейтін жасалған еңбек және/немесе азаматтық-құқықтық шарттар негізінде Банк қызметкерлерін қоса алғанда, Инсайдерлер жүзеге асырады
22. Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқығы Банк акцияларын иелену, Банкпен аффилиирленуі, банкпен немесе оның аффилиирленген тұлғасымен жасалған еңбек шартының немесе азаматтық-құқықтық шарттың басқару органдарына немесе оның аффилиирленген тұлғасына мүшелігі және т. б. байланысты Банктің Инсайдерлеріне беріледі.
23. Банк қызметкерлері Банктің Инсайдерлік ақпаратына қатысты мәліметтерге, осы Ережеде көзделген тәртіппен өздерінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті көлемде қол жеткізуге құқылы.
Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді алуы тиіс тұлғамен тиісті еңбек және/немесе азаматтық-құқықтық шарт болмаған жағдайда, мұндай қол жеткізуді ұсыну мүмкіндігі туралы мәселе осы тұлғаның КБҚ басшысына жазбаша сұрау салуы негізінде, осындай ақпаратты алу қажеттілігінің себептерін, сондай-ақ техникалық құралдарды қолдана отырып, оны көшіру және/немесе ақпаратты ашуды жүзеге асыру жоспарланып отырған үшінші тұлғаларға ашу қажеттілігін көрсете отырып қаралады. Өтінішке Банк қызметкері ақпаратқа қол жеткізуді сұрататын құрылымдық бөлімшенің басшысы және оның жетекшілік ететін лауазымды адамы алдын ала бұрыштама қоюы тиіс. Өтінішті қарау қорытындысы бойынша, өтініш берушіге оның Инсайдерлер тізіміне енгізілгені немесе Инсайдерлік ақпаратқа рұқсат беруден бас тартылғаны туралы хабарланады.
24. Банк Инсайдерлерінің тізіміне енгізілген тұлғалар Инсайдерлік ақпаратты тек осы Ережелердің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ғана пайдалануға, Банктің Инсайдерлік ақпаратының тізбесіне өзгерістер мен толықтыруларды өз бетінше қадағалауға міндетті. Банктің Инсайдерлері:
 - 1) Банктің Инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын сақтауды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен белгіленген Инсайдерлердің міндеттерін сақтауға, сондай-ақ Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салуға;
 - 2) Банктің корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған инсайдерлік ақпарат тізбесіне өзгерістер мен толықтыруларды өз бетінше қадағалауға;
 - 3) Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар тұлға мәртебесін жоғалтқан жағдайда, Банктің инсайдерлік ақпараты бар оның иелігіндегі барлық ақпарат жеткізгіштерін Банкке беруге;
 - 4) Банктің Инсайдерлік ақпараты бар құжаттарға уәкілетті емес тұлғалардың қол жеткізуіне тиісті бақылауды қамтамасыз етуге;
 - 5) Банктің және/немесе Банктің Инсайдерлері болып табылатын ұйымдардың қызметкерлері (хатшылар, жүргізушілер және т. б.), сондай-ақ Банктің Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізу құқығы жоқ үшінші тұлғалар ести алатын кез келген жерде осындай ақпаратты талқылаудан аулақ болуға;
 - 6) Банк қызметкерлері өзінің тікелей, сондай-ақ құрылымдық бөлімшенің басшысына немесе оның орнындағы адамға, сондай-ақ Инсайдерлік ақпараты бар құжаттардың, файлдардың, сейфтердің (қойманың) кілттерінің, рұқсаттамалардың, құпиясөздердің жоғалғаны немесе кем шыққаны туралы КБҚ-ға дереу хабарлауға немесе Банктің Инсайдерлік ақпаратына рұқсатсыз қол жеткізу анықталған кезде және сол сияқты фактілер мен жағдайлар туралы дереу хабарлауға міндетті.
25. Банк Инсайдерлеріне тыйым салынады:

- 1) бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
 - 3) Инсайдерлік ақпаратқа негізделген Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға беруге;
 - 4) бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан жағдайға, сондай-ақ Банк туралы нарықтың пікіріне немесе Банктің бағалы қағаздарының болашақ құнына ықпал ету мақсатында Банк туралы дұрыс емес мәліметтерді таратуға;
 - 5) бағалы қағаздар нарығындағы олардың мінез-құлқын өзгерту мақсатында Бағалы қағаздар нарығының басқа субъектілеріне кез келген нысанда ықпал етуге.
26. Мәртебесі бойынша Инсайдерлік ақпаратына немесе ұйымға рұқсаты жоқ, қатынасы бойынша Банк Инсайдері болып табылатын, Банк қызметкерлеріне белгілі немесе өзге себептермен Банктің Инсайдерлік ақпаратына қатысты ақпарат белгілі болған жағдайда:
- 1) онымен танысуды тоқтатуға;
 - 2) Банктің Инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын сақтау жөнінде толық шаралар қабылдауға;
 - 3) Банктің осындай Инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға таратуды және/немесе ұсынуды болдырмауға;
 - 4) өзінің тікелей басшысы мен КБҚ басшысын осы факт туралы хабардар етуге міндетті.
27. Банктің Инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында, Банк:
- 1) жекелеген пайдаланушылар мен пайдаланушылар топтары арасында құқықтарды бөлуді, сондай-ақ Банктің ақпараттық жүйесін пайдаланушылардың іс-қимылдарын бақылауды көздейтін Банктің ақпараттық жүйесінің әртүрлі деңгейлеріне қолжетімділікті шектеу жүйесін көздейді;
 - 2) ақпаратты жоғалтудан және оған рұқсатсыз қол жеткізуден сақтайтын, оның ішінде байланыс арналары бойынша Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғаудың ақпараттық-техникалық жүйелері мен құралдарының болуын көздейді;
 - 3) ІНҚ құпиялылық режимі бойынша тиісті талаптарды қарастырады;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану тәртібін бұзған тұлғаларды жауапкершілікке тартуға бағытталған іс-әрекеттер жасайды, оның ішінде Банкке келтірілген залалдарды өтеуді талап етеді;
 - 5) Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалану тәртібінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.
28. Банк Банктің Инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын заңсыз пайдаланудан қорғауға, Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу тәртібінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған арнайы рәсімдерді қосымша енгізуге құқылы.
29. Банктің инсайдерлік ақпаратының рұқсатсыз ашылуы немесе Банктің инсайдерлік ақпараты бар құжаттарды (ақпарат тасығыштарын) жоғалту қаупі туындаған немесе фактісі анықталған кезде, Инсайдер – банк қызметкері бұл туралы құрылымдық бөлімшенің тікелей басшысын, сондай-ақ КБҚ басшысын электрондық пошта арқылы дереу хабардар етуге міндетті. Банктің Инсайдерлер тізіміне енгізілген өзге тұлғалар Банктің бас офисіне жазбаша хабарлама жіберу арқылы осындай фактілер туралы хабарлайды.
30. Осы Ереже талаптарының орындалуын тексеру КБҚ немесе тексеру (ішкі тексеру) жүргізуге уәкілетті Банктің өзге құрылымдық бөлімшесінің бастамасы бойынша, КБҚ тексеруге міндетті түрде қатысуға тартылған жағдайда жүзеге асырылады.

§ 4. Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашу тәртібі мен мерзімдері

31. Инсайдерлік ақпаратты ашу Банктің ішкі құжатына сәйкес, оны ҚЕД, KASE интернет-ресурстарында және Банктің корпоративтік www.bankrbk.kz интернет-ресурсында орналастыру арқылы, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қолданыстағы заңнама талаптарына сай Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады:
- 1) егер Банк қызметіндегі өзгерістер туралы Инсайдерлік ақпарат Ережелердің 6-тармағының 4-тармақшасында санамаланған Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүдделерін қозғаса, ол ҚЕД интернет-ресурстарында орналастырылады және/немесе ашудың (жариялау) неғұрлым қысқа мерзімдері заңнама және Банктің өзге ІНҚ талаптарымен белгіленбесе, мұндай өзгерістер туындаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Банктің интернет-ресурсында www.bankrbk.kz жарияланады;
 - 2) Банктің бағалы қағаздарын сауда-саттық ұйымдастырушының тізіміне енгізген кезде, Банк және банк инсайдерлерінің тізіміне енгізілген тұлғалар Банктің инсайдерлік ақпаратын және ол шығарған (берген) бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) ашуды қамтамасыз етеді, ашылу сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ережелерінде белгіленген тәртіппен және шарттарда осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық басталғанға дейін олардың құнының өзгеруіне және Банктің қызметіне әсер етуі мүмкін.
32. Шетел мемлекеттерінің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының сауда жүйелерінде сауда-саттықты ұйымдастырушының тізіміне енгізілген бағалы қағаздар айналыста болған кезде Банктің Инсайдерлік ақпаратын Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің жауапты құрылымдық бөлімшелері мынадай тәсілдердің бірімен ашуға тиіс:
- 1) Тұлғалардың кең ауқымы арасында Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашуды болжайтын хабарламалар тізімдеріне Банктің бағалы қағаздары енгізілген барлық қор биржаларының атына бір мезгілде жіберіледі және Банктің www.bankrbk.kz интернет-ресурсында жарияланады.
 - 2) Тұлғалардың кең ауқымы арасында Инсайдерлік ақпаратты ашуды болжайтын хабарламалар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының мекенжайына жіберіледі, одан кейін тізімдеріне Банктің бағалы қағаздары енгізілген шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларының мекенжайына жіберіледі және тізбесі осы Ережеде айқындалған өзге бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылады (таратылады).
33. Банктің Инсайдерлік ақпаратын бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші орналастыру (жариялау) күні Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашу күні болып саналады.

4-тарау. Жауапкершілік

34. КБҚ осы Ережелердің талаптарына сәйкес, сондай-ақ Ережелер ережелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі үшін жауапты.
35. Осы Ереженің талаптарын іске асыру процесіне тартылған банктің құрылымдық бөлімшелері оларға жүктелген міндеттердің сақталуына жауапты.
36. Осы Ереженің 15-тармағының талаптарын сақтау үшін жауапкершілік Банктің Инсайдерлік ақпаратына рұқсат алатын тұлғалармен Шарт жасасуға бастамашылық жасайтын Банктің құрылымдық бөлімшелерінің тікелей басшыларына жүктеледі.
37. Осы Ережемен танысқан Банктің Инсайдерлері осы Ережені бұзғаны үшін және бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында, оның ішінде Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалана отырып мәмілелер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе аумағында Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасалған елдің заңнамасында көзделген жеке жауапкершілікте болады деп келіседі.

5-тарау. Қорытынды ережелер

38. Осы Ережемен реттелмеген өзге де мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының

және Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес шешіледі.

39. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Банктің ІНҚ әзірлеу, ресімдеу рәсімдеріне және мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды айқындайтын Банктің ішкі нормативтік құжатында көзделген тәртіппен енгізіледі.
40. Осы Ереже олармен танысуға еркін қол жеткізу үшін Банктің www.bankrbk.kz интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

«BankRBK» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа
қол жеткізуді және оны пайдалануды
ішкі бақылау ережелеріне
1-қосымша

**«Bank RBK» АҚ инсайдер мәртебесін алу туралы жеке тұлғаның (қызметкердің)
хабарламасы**

Осы арқылы «Bank RBK» АҚ (бұдан әрі - Банк) сізді осы хабарламамен танысқан күннен бастап «» Сіздің «___»_____201__ жылдан бастап Қазақстан Республикасының»Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 56-1 бабының нормаларына сәйкес Банк Инсайдері деп танылатындығыңыз туралы хабарлайды.

Осыған байланысты, Сіз «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңын қоса алғанда, Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жария ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Банктіңwww.bankrbk.kz Интернет-ресурсында орналастырылған «Bank RBK» АҚ-да Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережелерімен танысуға және сақтауға міндеттісіз, сондай-ақ Сізге тыйым салынады:

- 1) бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
- 3) Инсайдерлік ақпаратқа негізделген Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға беруге;
- 4) бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан жағдайға, сондай-ақ Банк туралы нарықтың пікіріне немесе Банктің бағалы қағаздарының болашақ құнына ықпал ету мақсатында Банк туралы дұрыс емес мәліметтерді таратуға;
- 5) бағалы қағаздар нарығындағы олардың мінез-құлқын өзгерту мақсатында Бағалы қағаздар нарығының басқа субъектілеріне кез келген нысанда ықпал етуге.

Құрметпен,

«Bank RBK» АҚ

«BankRBK» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа
қол жеткізуді және оны пайдалануды
ішкі бақылау ережелеріне
2-қосымша

«Bank RBK» АҚ инсайдер мәртебесін алу туралы заңды тұлғаның хабарламасы

Осы арқылы «Bank RBK» АҚ (бұдан әрі – Банк) _____ (заңды тұлғаның атауы көрсетілуі керек), бұдан әрі – Ұйым, «____» _____ 201__ жылдан бастап Ұйым (атауын көрсетуі керек) Банк Инсайдері мәртебесін алғаны туралы хабарлайды:

- 1) Банктің дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама иелену, пайдалану және (немесе) билік ету құқығына ие;
- 2) тізіміне банк эмитенті болып табылатын бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы болып табылады;
- 3) жасалған шартқа сәйкес (оның ішінде ауызша) Банкке қызмет көрсететін аудитор болып табылады, оның талаптарында Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген;
- 4) жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсететін бағалаушы болып табылады, оның талаптарында Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген;
- 5) жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсететін өзге заңды тұлға болып табылады, оның талаптарында Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу көзделген.

Осыған байланысты, Ұйым «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қоса алғанда, Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жария етуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Банктің www.bankrbk.kz Интернет-ресурсында орналастырылған «Bank RBK» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережелерін сақтауға, соның ішінде:

- 1) Банк эмитенті болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасау кезінде банктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;
- 2) Банктің инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қол жетімді етпеуге;
- 3) Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші тұлғаларға бермеуге;
- 4) өзінің қызмет жағдайы мен еңбек міндеттеріне, Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге ие өз қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
- 5) Банктің инсайдерлік ақпаратын және «BankRBK» АҚ инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережелерін пайдалануға тыйым салуға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары туралы өз қызметкерлерін хабардар етуге;
- 6) «BankRBK» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережелерінде белгіленген тәртіпте және мерзімде өзінің қызмет жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге ие өз қызметкерлері туралы Банкті хабардар етуге;
- 7) Банктің инсайдерлік ақпаратын және инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережелерін пайдалануға тыйым салуға қатысты Ұйым мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдарды олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде «Бағалы қағаздар

нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сақтау қажеттігі туралы хабардар етуге;

- 8) «BankRВK» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережелерінде белгіленген тәртіпте және мерзімде ұйым мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар (мұндай ұйымдарға банктің инсайдерлік ақпаратын ашқан жағдайда) туралы Банкті хабардар етуге;
- 9) бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан жағдайға, сондай-ақ Банк немесе Банктің бағалы қағаздарына болашақ баға туралы нарықтың пікіріне ықпал ету мақсатында Банк туралы жалған немесе алдамшы мәліметтерді таратпауға;
- 10) Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасамауға;
- 11) Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалана отырып, өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасамауға міндетті.

Осы хабарламаға қол қою арқылы _____ (заңды тұлғаның атауын көрсету қажет) тізбесі қолданыстағы заңнамамен және Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен белгіленген Инсайдерлік ақпаратты ала алатыны және қол жетімділікке ие екені жайлы хабардар етілді және келісті.

Инсайдерлік ақпаратты жария ету және/немесе өз мүддесіне пайдалану Банкке немесе өзге тұлғаларға тікелей немесе жанама залал келтіруі мүмкін екенін мойындайды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын бұзғаны үшін Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптысыз.

Танысты

Күні ____/____/____

ТАӘ/Компанияның атауы _____

Компания атынан қол қоюға уәкілетті:

(Компаниядағы лауазымы, сенімхат деректері) (Т.А.Ә.) М.О. (бар болса)

Қолы: _____ Күні (кк/аа/жж): _____

**«BankRBK» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа
қол жеткізуді және оны пайдалануды
ішкі бақылау ережелеріне
3-қосымша**

«Bank RBK» АҚ инсайдер мәртебесін алу туралы заңды тұлғаның хабарламасы

Осы арқылы «Bank RBK» АҚ (бұдан әрі – Банк) _____ (жеке тұлғаның Т.А.Ә. көрсетілуі керек), Сіз «___»_____201__ жылдан бастап Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңының 56-1 бабының нормаларына сәйкес Банк Инсайдері деп танылатыны туралы хабарлайды.

Осыған байланысты, Сіз «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңын қоса алғанда, Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жария ету бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Банктің www.bankrbk.kz Интернет-ресурсында орналастырылған «Bank RBK» АҚ-да Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуді және оны пайдалануды ішкі бақылау ережелерімен танысуға және сақтауға міндеттісіз, сондай-ақ Сізге тыйым салынады:

- 1) бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалануға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге;
- 3) Инсайдерлік ақпаратқа негізделген Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға беруге;
- 4) бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан жағдайға, сондай-ақ Банк туралы нарықтың пікіріне немесе Банктің бағалы қағаздарының болашақ құнына ықпал ету мақсатында Банк туралы дұрыс емес мәліметтерді таратуға;
- 5) Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында Банктің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауға;
- 6) бағалы қағаздар нарығындағы олардың мінез-құлқын өзгерту мақсатында Бағалы қағаздар нарығының басқа субъектілеріне кез келген нысанда ықпал етуге.

Инсайдерлік ақпаратты жария ету және/немесе өз мүддесіне пайдалану Банкке немесе өзге тұлғаларға тікелей немесе жанама залал келтіруі мүмкін.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын бұзғаны үшін Сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптысыз

**«BankRBK» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа
қол жеткізуді және оны пайдалануды
ішкі бақылау ережелеріне
4-қосымша**

**Бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын Банк қызметіндегі
өзгерістер туралы Инсайдерлік ақпараттың тізбесі**

№	Атауы
1	Жыл қорытындысы бойынша Банктің атқарушы органы мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпарат
2	Банктің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер
3	Банктің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленетін акционерлердің (қатысушылардың) құрамы туралы ақпарат
4	Банктің әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызын иеленетін ұйымдардың тізімі (бар болса)
5	Банктің жылдық қаржылық есептілігі және Банктің аудиторлық есептері (аудиторлық есептерді ашуды «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті аудитке жататын эмитенттер жүзеге асырады
6	Енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды ескере отырып, Банктің эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісі
7	Уәкілетті органның эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын жою туралы және (немесе) банктің эмиссиялық бағалы қағаздарын өтеу туралы ақпарат (бар болса)
8	Банктің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізген кездегі тоқсан сайынғы қаржылық есептілік
9	Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеп
10	Банктің корпоративтік оқиғалары туралы ақпарат:
10.1.	Банк акционерлерінің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) қабылдаған шешімдер;
10.2.	басқару органының (байқау кеңесінің), атқарушы органның құрамын көрсете отырып, басқару органын (байқау кеңесін), Банктің атқарушы органын сайлау, сондай-ақ басқару органының (байқау кеңесінің), Банктің атқарушы органының құрамындағы өзгерістері туралы;
10.3.	Банктің дауыс беретін акцияларының 10 (он) және одан көп пайызын иеленетін акционерлер құрамындағы өзгерістер туралы
10.4.	Банктің Директорлар кеңесі қабылдаған мынадай шешімдер туралы: - акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру; - орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы; - егер Банк сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының 1 (бір) пайызынан асса, Банктің орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы; - облигациялар және туынды бағалы қағаздар шығару; - бір мезгілде мынадай талаптарға жауап беретін ірі мәмілелер мен мәмілелерді жасау: жасалуына Банк мүдделі мәмілелер болып табылады және құны Банктің Директорлар кеңесі осындай мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдаған күнгі Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты мәмілелер болып табылады.
10.5.	Банктің бағалы қағаздарын және (немесе) өзге де ақшалай міндеттемелерін Банктің жай акцияларына айырбастау туралы

10.6.	Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін Банктің басқа түріне айырбастау туралы
10.7.	Банк әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) 10 (он) және одан көп пайызына ие ұйымдардың тізіміндегі өзгерістер туралы;
10.8.	бір мезгілде мынадай талаптарға жауап беретін ірі мәмілелер мен мәмілелерді Банктің жасауы: жасалуына Банк мүдделілігі бар мәмілелер болып табылады және құны Банктің уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдаған күнгі Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты. Нәтижесінде Банк активтері мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызы сомасына мүлік сатып алынатын не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен шарттары туралы мәліметтерді, сондай-ақ бар болса, мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуы тиіс.
10.9.	решении суда о принудительной ликвидации или реорганизации Банка, а также о принудительной ликвидации или реорганизации его дочерних и зависимых организаций
10.10.	Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банктің мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын сомаға банктің мүлкін кепілге (қайта кепілге) алу туралы
10.11.	құны банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Банктің мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйым салудан алу) туралы
10.12.	Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 25 (жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алғаны туралы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу туралы
10.13.	нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын Банктің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлар туындаған кезде
10.14.	сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау
10.15.	бірінші санаттағы рұқсаттарды алу (тоқтату, тоқтата тұру)
10.16.	Банктің негізгі қызмет түрлерін өзгертуі (Банктің лицензиясына сәйкес)
10.17.	банктің эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісіне және жарғысына сәйкес Банк акционерлерінің және (немесе) инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар

**«BankRBK» АҚ-да инсайдерлік ақпаратқа
қол жеткізуді және оны пайдалануды
ішкі бақылау ережелеріне
5-қосымша**

Инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлама

Осы арқылы «Bank RBK» АҚ (бұдан әрі – Банк) Сізге _____

негіздемесі бойынша инсайдерлер тізімінен шығарылғаныңыз туралы хабарлайды.

«Bank RBK» АҚ Инсайдер мәртебесін алуға байланысты туындаған міндеттемелер осы хабарламаны алған сәттен бастап өз күшін жояды.

ПР-рег.№ПР-04-578 от 06.08.2019 г.

Утверждены
Советом директоров АО «Bank RBK»
Протокол
от «02» августа 2019 года.

Дата вступления в силу
«02» августа 2019 года.

Правила внутреннего контроля доступа к инсайдерской информации и ее использования в АО «Bank RBK»**Глава 1. Общие положения**

1. Настоящие Правила внутреннего контроля доступа к инсайдерской информации и ее использования в АО «Bank RBK» (далее – Правила) разработаны в соответствии с законодательством Республики Казахстан и ВНД в целях обеспечения контроля Банка за использованием Инсайдерской информации и недопущения возможности неправомерного использования Инсайдерами Инсайдерской информации.
2. Задачей настоящих Правил является установление порядка и условий раскрытия Инсайдерской информации, внутренний контроль за разграничением прав доступа к Инсайдерской информации и недопущения возможности неправомерного использования такой информации Инсайдерами, ведение и поддержание в актуальном состоянии списка инсайдеров Банка, в том числе исключение Инсайдеров из списка, определение ограничений, установленных для Инсайдеров Банка, а также установление ответственности за разглашение Инсайдерской информации Банка.
3. Вопросы, не урегулированные настоящими Правилами, регулируются в соответствии с законодательством Республики Казахстан и ВНД, а также требованиями, применимыми к Банку в связи с включением и нахождением ценных бумаг, выпущенных Банком, в списке ценных бумаг, торгуемых на фондовой бирже.
4. В настоящих Правилах используются термины и определения, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и используемые в банковской практике:
 - 1) **Банк** – АО «Bank RBK»;
 - 2) **ВНД** - внутренний нормативный документ Банк;
 - 3) **Депозитарий финансовой отчетности (далее – ДФО)** - электронная база данных, содержащая годовую финансовую отчетность и аудиторские отчеты, ежегодно сдаваемые организациями, а также информацию о корпоративных событиях акционерных обществ, с открытым для пользователей доступом;
 - 4) **Инсайдер Банка** – лицо, обладающее доступом к инсайдерской информации Банка;
